

«3-Энергоорталық» АҚ-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның және инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізілуі туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есебі (жылу энергиясын өндіру)

2026 жылғы 21 шілдеде «3-Энергоорталық» АҚ-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметасының және инвестициялық бағдарламасының орындалуы, реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы, сондай-ақ тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында реттелетін қызметтерді ұсыну бойынша қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізілуі туралы есебі өткізілді.

Есеп сондай-ақ «Zoom» қосымшасы арқылы онлайн-трансляция ұйымдастырылып (бейнежазба жүргізіле отырып), өткізілді.

Тыңдаудың өткізілетіні туралы ақпарат 2026 жылғы 26 маусымдағы № 74 «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланды.

Жалпы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ – электр және жылу энергиясын құрамдастырылған тәсілмен өндіретін энергия көзі. Станцияның белгіленген электр қуаты – 160 МВт. Станцияның жұмыс қуаты жаз мезгілінде 75 МВт-қа дейін, қыс мезгілінде 140 МВт-қа дейін құрайды.

Станцияның жылу қуаты сағатына ыстық суда 500 Гкал-ға дейінгі жылу энергиясын және әртүрлі параметрдегі (60 атм., 35 атм., 16 атм.) сағатына 205 тоннаға дейін бу өндіруге мүмкіндік береді.

Негізгі отын – табиғи газ, резервтік отын – М-100 маркалы қазандық мазуты.

«3-Энергоорталық» АҚ Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне қызметтің мынадай түрі бойынша енгізілген:

- ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің ОҚО бойынша департаментінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 304-ОД бұйрығына сәйкес жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер.

«3-Энергоорталық» АҚ-ның жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметіне арналған тариф 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 46 бұйрығымен ҚҚС-сыз 7 207,6 теңге/Гкал мөлшерінде бекітілді.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат

2026 жылы «3-Энергоорталық» АҚ бойынша «жылу энергиясын өндіру» қызметі шеңберінде уәкілетті орган бекіткен инвестициялық бағдарламаға сәйкес 204,1 млн теңге сомасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

2026 жылға арналған бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары:

1. ТГМЕ-464 қазан агрегатының № 1 ст. ПБАҚ күрделі жөндеу жүргізу;
2. № 1 қазан агрегатының газ жолына күрделі жөндеу жүргізу;
3. № 1 қазан агрегатының ауа жолына күрделі жөндеу жүргізу;
4. Бу қысымын реттегіштерді сатып алу: Ду 300/350 Ру 2,5м Па, т-300-450, эл/жетекпен. Бойлер №1,2,3,4, ПСВ.

Тозу деңгейін төмендету мақсатында инвестициялық бағдарламаның жалпы сомасын ұлғайтпай, іс-шараларды ауыстыру арқылы 2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі инвестициялық бағдарламаға түзету енгізу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру көздері 2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметке бекітілген тарифтік сметада көзделген амортизациялық аударымдар болып табылады.

Жөндеу жұмыстарын жүргізу мерзімі – 2026 жылдың 3-4 тоқсандары.

Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат Ережелердің 5-қосымшасының 1-нысаны бойынша осы есептің 1-қосымшасына сәйкес ұсынылған.

Жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызмет бойынша бекітілген тарифтік сметаның баптар бойынша орындалуы туралы ақпарат

2025–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тарифтері ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 23 шілдедегі № 46 бұйрығымен бекітілген. 2026 жылға ҚҚС-сыз 7 207,6 теңге/Гкал мөлшерінде тариф бекітілді.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар 2 403,0 млн теңгені құрады. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 1 Гкал жылу энергиясының өзіндік құны 7 247,28 теңге/Гкал болды.

Шығындар құрылымындағы негізгі бап – отын шығындары, оның үлесі жалпы шығындардың 78%-ын құрайды.

Бекітілген жылдық тарифтік сметада ауытқулар:

- материалдар бабы бойынша – 45,2%;
- еңбекақы төлеуге арналған шығындар бабы бойынша – 34,4%;
- амортизация бабы бойынша – 33,3%;
- жөндеу жұмыстары бабы бойынша – 74,4%;
- өзге өндірістік шығындар бойынша – 27,6%;
- жалпы және әкімшілік шығыстар бойынша – 41,2%.

Шығындар баптары бойынша ауытқулар өндірістің маусымдылығына, сондай-ақ шығыстардың жартыжылдық кезең үшін келтірілуіне байланысты. Жыл соңына дейін шығындардың барлық баптары толық көлемде орындалады.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат осы есептің 2-қосымшасына сәйкес Ережелердің 5-қосымшасының 2-нысаны бойынша ұсынылған.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы және қызмет тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізілуі туралы

«3-Энергоорталық» АҚ үшін реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері және қызмет тиімділігі көрсеткіштері әзірленбеген әрі бекітілмеген.

Тиімділік, сенімділік және сапа көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағалау бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалу қорытындылары бойынша жүргізілетін болады.

«3-Энергоорталық» АҚ-ның 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері туралы ақпарат

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жылу энергиясын өткізуден түскен кіріс 2 389,9 млн теңгені құрады.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жылу энергиясын өндіруге жұмсалған шығындар 2 403,0 млн теңгені құрады.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жылу энергиясын өндіру қызметі бойынша залал 13,1 млн теңгені құрады. Бұл өндірістің маусымдылығына байланысты. Бірінші жартыжылдықта жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызмет көрсету кезеңі үш айды құрайды, ал қалған үш ай – кәсіпорын аталған қызметті көрсетпейтін әрі тиісінше осы қызметтен кіріс

алмайтын жылытуаралық кезең болып табылады, бірақ осы кезеңде шығындарды көтереді. Екінші жартыжылдықта қызмет көрсету кезеңі екі айды, ал жылытуаралық кезең төрт айды құрайды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында көрсетілген реттелетін қызметтердің көлемі туралы ақпарат

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында өткізілген жылу энергиясының көлемі 331,6 мың Гкал-ды құрады, оның ішінде: 331,6 мың Гкал жылу энергиясы немесе өткізудің жалпы көлемінің 100%-ы; 0,0 мың Гкал бу немесе өткізудің жалпы көлемінің 0%-ы.

Жылдық тарифтік сметаға сәйкес жылу энергиясын өткізу көлемі 595,3 мың Гкал-ды құрайды, оның ішінде: 594,6 мың Гкал жылу энергиясы немесе өткізудің жалпы көлемінің 99,9%-ы; 0,7 мың Гкал бу немесе өткізудің жалпы көлемінің 0,1%-ы.

Жылу энергиясын босату тұтынушы – «ҚуатЖылуОрталық» МКК ұсынған жылу энергиясын сатып алуға арналған өтінімдер негізінде жүзеге асырылады. Бу тұтынушысы өз жабдығына жөндеу жұмыстарын жүргізуіне байланысты бу тұтынудан бас тартты. Жылу энергиясының есебі баланстық тиесілілік шекарасында орналасқан есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Реттелетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізіліп жатқан жұмыс туралы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайды және жариялылық пен ашықтық қағидаттарын ұстанады.

Кәсіпорын жылына екі рет табиғи монополиялар саласындағы қызметі туралы тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жария тыңдауларда есеп береді. Тыңдаулар ашық жиналыс түрінде және «Zoom» қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі. Мұндай жария іс-шаралардың өткізілу уақыты мен орны туралы тиісті хабарламалар бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурста жарияланады.

«3-Энергоорталық» АҚ Заңда белгіленген міндетті орындай отырып, тарифтердің өзгеруі туралы тұтынушыларды жазбаша түрде және БАҚ арқылы жариялау жолымен хабардар етеді.

Қаланы жылумен жабдықтау режиміндегі бұзушылықтарды жедел жою мақсатында тұтынушының («ҚуатЖылуОрталық» МКК) диспетчерлік қызметімен тікелей телефон байланысы жолға қойылып, өзара іс-қимыл тәртібі ұйымдастырылған.

Реттелетін қызметтердің сапасы туралы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ уәкілетті орган бекіткен тарифтер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес тұтынушыларға қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Қызметтер тараптар арасында жасалған шарттардың талаптарына және қабылданған өзара шарттық міндеттемелерге сәйкес көрсетіледі. «3-Энергоорталық» АҚ үшін реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері, сондай-ақ қызмет тиімділігінің көрсеткіштері белгіленбеген.

2026 жылғы 1 қаңтардан 31 наурызға дейінгі жылыту кезеңі жылумен жабдықтау жүйесінде технологиялық бұзушылықтарсыз және іркілістерсіз өтті. Жылыту кезеңі ішінде жылу магистральдарындағы жылутасымалдағыштың параметрлері «ҚуатЖылуОрталық» МКК-ның Шымкент қаласының тұтынушылары үшін жылу энергиясын сатып алуға арналған күн сайынғы мәлімделген техникалық тапсырмаларына сәйкес болды.

Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорында жабдықтарға күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары уақтылы жүргізіледі.

Кәсіпорында жылу тасымалдағыштың параметрлеріне үздіксіз әрі сапалы мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтамасы бар заманауи жылу энергиясын есепке алу тораптары орнатылған.

Қызмет перспективалары, оның ішінде реттелетін қызметтерге арналған тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы ақпарат

«3-Энергоорталық» АҚ 2026 жылғы 1 шілдеден бастап «QAZAQGAZ АІМАQ» АҚ-дан сатып алынатын стратегиялық тауар – тауарлық газ құнының өзгеруіне байланысты, қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін 2026 жылға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің уәкілетті орган бекіткен тарифін өзгертуге өтінім жолдады.

Сонымен қатар, тарифтердің қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты «3-Энергоорталық» АҚ қазіргі уақытта 2027–2031 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің бес жылдық тарифтері мен инвестициялық бағдарламасын бекітуге өтінім қалыптастыру жұмыстарын жүргізуде.

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2026 жылға бекітілген тарифтік сметада көзделген	2026 жылғы 1-жартыжылдықтағы тарифтік смета көрсеткіштері	Ауытқу %	Ауытқу себептері
I	Шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге	4 220 028,52	2 361 532,0	-44	
1	Мат.шығындар-барлығы, оның ішінде	мың теңге	3 499 148,92	1 917 246,0	-45,2	
1.1.	Отын (газ)	мың теңге	3 357 959,4	1 877 252,0	-44,1	Өндіріс көлеміне сәйкес бірінші жартыжылдықтағы нақты шығындар.
1.2.	химреагенттер	мың теңге	99 863,1	21 652,0	-78,3	Өндірістің маусымдылығы. Сүзгі төсеніштері қараша-желтоқсан айларында себіледі.
1.3.	технологиялық мақсатқа арналған су	мың теңге	33 986,0	11 190,0	-67,1	Өндірістің маусымдылығы. Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
1.4.	ТҚ және пайдалануға арналған материалдар	мың теңге	5 654,7	6 157,0	8,9	Өндірістің маусымдылығы. Қаңтар-ақпан айларында есептен шығару. Өндірістік қажеттілік.
1.5.	ЖЖМ	мың теңге	1 685,6	995	-41	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
2	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	381 910,21	250 405,0	-34,4	
2.1.	ЖАЖ жалақысы	мың теңге	338 273,0	219 984,0	-35	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
2.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	33 489,0	24 716,0	-26,2	ЕАҚ-дан аударым
2.3.	МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	мың теңге	10 148,2	5 705,0	-43,8	ЕАҚ-дан аударым
3	Амортизация	мың теңге	200 273,6	133 646,0	-33,3	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
4	Жөндеу	мың теңге	85 860,6	21 986,0	-74,4	Өндірістің маусымдылығы. Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
4,1	Жөндеу жұмыстарына арналған материалдар	мың теңге	74 445,5	21 235,0	-71,5	
4,2	Жөндеу бойынша мердігерлік ұйымдардың қызметтері	мың теңге	11 415,0	751	-93,4	
5.	Басқа шығындар	мың теңге	52 835,2	38 249,0	-27,6	

5.1.	Бөгде ұйымдардың қызметтері	мың теңге	19 754,8	23 115,0	17	Нысандарды күзету және апаттық-құтқару жұмыстары бойынша ай сайынғы міндетті қызметтердің құнын ұлғайту.
5.2.	Салықтар	мың теңге	17 058,3	12 499,0	-26,7	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
5.3.	Сақтандыру	мың теңге	2 787,2	1 664,0	-40,3	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
5.4.	Еңбекті қорғауға және ҚТ арналған шығыстар (арнайы киім, сабын, сүт)	мың теңге	13 234,9	971	-92,7	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
II	Барлық кезеңнің шығыстары, оның ішінде	мың теңге	70 510,83	41 485,0	-41,2	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар барлығы, оның ішінде	мың теңге	70 510,83	41 485,0	-41,2	
6.1.	ӘБП жалақысы	мың теңге	27 622,56	17 317,0	-37,3	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
6.2.	Әлеуметтік салық	мың теңге	2 734,63	1 493,0	-45,4	ЕАҚ-дан аударым
6.3.	МӨМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру)	мың теңге	828,68	450	-45,7	ЕАҚ-дан аударым
6.4.	Салықтар, барлығы	мың теңге	282	571	102,5	Мүлік салығы бойынша ұлғайту. Күрделі жөндеу есебінен НҚ құнын ұлғайту.
6.5.	Басқа шығындар	мың теңге	39 042,96	17 167,0	-56	
6.5.1.	Амортизация	мың теңге	3 815,05	4 487,0	17,6	НҚ құнын ұлғайту есебінен амортизациялық аударымдарды ұлғайту.
6.5.2.	Жеңіл көлікке арналған ЖЖМ	мың теңге	237,53	190	-20	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
6.5.3.	Кеңсе тауарлары және т.б.	мың теңге	1 162,39	405	-65,2	Көлемнің қысқаруына байланысты шығындарды оңтайландыру.
6.5.4.	Иссапар шығындары	мың теңге	75,73	1 430,0	1 788,3	Өндірістік қажеттілік.
6.5.5.	Байланыс қызметтері	мың теңге	983,38	1 098,0	11,7	Қызметтердің құнын арттыру.
6.5.6.	Сақтандыру бойынша шығыстар	мың теңге	514,89	11	-97,9	Жылу энергиясына шығындарды бөлу пайызын төмендету.
6.5.7.	Бөгде ұйымдардың жалпы сипаттағы қызметтері	мың теңге	29 527,83	13 802,0	-53,3	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
6.5.8.	Персоналды дамытуға арналған шығыстар	мың теңге	1 916,27	0	0	Бірінші жартыжылдықта өз күшімен оқыту.

6.5.9.	Еңбекті қорғауға және ҚТ арналған шығыстар	мың теңге	150,32	0	-100	Көлемнің қысқаруына байланысты шығындарды оңтайландыру.
6.5.10.	Мерзімді басып шығару	мың теңге	35,57	0	-100	Шығындар бабы жыл соңына дейін орындалады.
6.5.11.	ХН үшін су шығыны	мың теңге	624	231	-63	Өндіріс көлеміне сәйкес бірінші жартыжылдықтағы нақты шығындар.
III.	БАРЛЫҚ ШЫҒЫНДАР	мың теңге	4 290 539,4	2 403 017,0	-44	
IV	Пайда	мың теңге	0	-13 157,5		
V	Барлық кірістер, соның ішінде:	мың теңге	4 290 539,4	2 389 860	-44,3	
	<i>- Жылу энергиясы</i>	мың теңге	4 285 753,5	2 389 860	-44,2	
	<i>- Бу түріндегі жылу энергиясы 16 АТА</i>	мың теңге	4 785,85	0	-100	
VI	Қызметтер көлемі БАРЛЫҒЫ	Гкал	595 280,0	331 575	-44,3	
	<i>оның ішінде:</i>					
	<i>- Жылу энергиясы</i>	Гкал	594 616,0	331 575	-44,2	Тұтынушының өтінімдері бойынша жылу энергиясын босату
	<i>- Бу түріндегі жылу энергиясы 16 АТА</i>	Гкал	664	0	-100	Тұтынушыда жабдықты жөндеу.
VIII	Орташа босату тарифі, ҚҚС-сыз	теңге/Гкал	7 207,60	7 207,60	0	
	<i>оның ішінде:</i>					
	<i>- Жылу энергиясы</i>	теңге/Гкал	7 207,60	7 207,60	0	
	<i>- Бу түріндегі жылу энергиясы 16 АТА</i>	теңге/Гкал	7 207,60	7 207,60	0	